Шығыс 15
06.05.2026ж

DETA Group ЖШС-нан
БСН: 160140003910

«Түркістан облысының мемлекеттік
сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне
БСН: 150240013345

ШАҒЫМ
(конкурс қорытындысы хаттамасын қайта қарау туралы)

Біз, «DETA Group» ЖШС, **Лот №16701889-2** бойынша **2026 жылғы 30 сәуірдегі** «Услуги домов/баз/лагерей для отдыха» қызметіне жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы хаттамасына қатысты келесіні хабарлаймыз.
Аталған конкурс нәтижесі бойынша **«М М А» ЖШС** және **«Қаржан-Тау-1» ЖШС** өтінімдері қарау нәтижесінде конкурсқа жіберілген (допуск берілген).
Алайда, аталған компаниялардың конкурсқа жіберілуімен келіспейміз, себебі олар конкурс құжаттамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмейді.

1. «М М А» ЖШС бойынша:
Аталған компания конкурсқа қатысу үшін «Тау гүлі-Эдельвейс» лагерін азамат **Турабаев Нұрғали**дан жалға алу туралы келісімшарт ұсынған.
Алайда, аталған мүлікке келесі қаулылар негізінде тыйым **(арест) қойылғаны анықталды**:

№ 2-19-9/13069, 10.03.2015 ж.
№ 2-19-9/12732, 25.02.2015 ж.
№ 1423-7, 24.10.2017 ж.

Тіркелу мерзімдері: 18.03.2015 ж. және 30.10.2017 ж.
Соған қарамастан, жалға алу келісімшарты **2026 жылы**, яғни мүлік тыйымда (арестте) тұрған кезеңде жасалған.
Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына сәйкес,
арест қойылған мүлікке қатысты мәмілелер тыйым (арест) алынғаннан кейін ғана жасалуы мүмкін.
Осыған байланысты, ұсынылған жалға алу шарты **заң талаптарына қайшы жасалған** деп есептейміз.
Сәйкесінше, «М М А» ЖШС конкурс талаптарына сәйкес келмейді және конкурсқа жіберілмеуі тиіс.

2. «Қаржан-Тау-1» ЖШС бойынша:
Аталған компания біліктілік талаптарын растау барысында келесі бұзушылықтарға жол берген:
Өтінімдегі **мамандық (біліктілік) атауын толтыру кезінде 18-ші қатарда** «Специалист по технической безопасности (диплом)» деп көрсетілген; Алайда, көрсетілген мәліметке қарамастан, **тиісті диплом құжаты тіркелмеген**;
Яғни, біліктілік атауында «диплом» деп көрсетілгенімен, оны растайтын құжат ұсынылмаған, бұл конкурс құжаттамасының талаптарына қайшы келеді;
Сонымен қатар, көрсетілген маманның осы компанияда жұмыс істейтінін растайтын **еңбек шарты немесе жұмысқа қабылдау туралы бұйрық ұсынылмаған;**
Лагерь директоры ретінде көрсетілген **Турсункулова Гульнар Темирхановна** бойынша ұсынылған диплом құжатының көшірмесі **анық емес. Лагерь директоры ретінде тағайындалғанын растайтын құжаттар ұсынылмаған.**
Аталған жағдайлар ұсынылған мәліметтердің тиісті түрде расталмағанын және конкурс талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, **«DETA Group» ЖШС** Сіздерден:

1. **2026 жылғы 30 сәуірдегі №16701889-2 лот бойынша конкурс қорытындысы хаттамасын қайта қарауды;**
2. **«М М А» ЖШС және «Қаржан-Тау-1» ЖШС өтінімдерін конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімнің заңдылығын қайта тексеруді;**
3. Аталған компанияларды **конкурс талаптарына сәйкес келмегені үшін конкурсқа қатысудан шеттетуді** сұраймыз.

Аталған шағым қанағаттандырылмаған жағдайда, өз құқықтарымызды қорғау мақсатында **сот тәртібімен жүгінетінімізді хабарлаймыз.**

Басшысы
DETA Group **Дәуірхан.Б.Ж**